ЖК Авто плюс
ЖСН: 590108402358
Мекен-жайы: Қызылорда қ., Төле би көшесі, 62 үй

ЖСК: KZ16998UTB0000434418
«Цеснабанк» АҚ
БСК: TSESKZKA
тел: 8 701 670 42 58

Шығыс № 9 04 мамыр 2019 жыл

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігіне

Көшірмесі: Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік сатып алу
заңнамасы департаментіне

«Электрондық қаржы орталығы»
акционерлік қоғамына

БСН: 140440014725 "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен өткен "№ 3238959-2 Работы по ремонту автотранспортных средств, систем, узлов и агрегатов с заменой запасных частей, лот 23292657-ОК1 Работы по ремонту автотранспортных средств" ашық конкурсына (әрі қарай - конкурс) қатысқан болатынбыз.

1. Біз ИП Боздаков жеке кәсіпкерлігімен 28 қаңтар 2019 жылы ақысыз келісімшарт (әрі қарай - келісімшарт) негізінде уақытша пайдалануға 31 желтоқсан 2019 жылға дейінгі мерзімде жалпы ауданы 265,5 квадрат метрді құрайтын 3 шұңқыры (яма) бар автошеберлікті жалға алып, конкурстық өтінімге тіркеген болатынбыз.

Сонымен қатар, конкурс жеңімпазы деп танылған жеке кәсіпкер (ЖСН: 761001302963) БЕКТЫБАЕВ ГАНИ ТУРСЫНОВИЧ осы конкурсқа ИП Боздаков жеке кәсіпкерлігімен 10 наурыз 2019 жылы жасасқан келісімшартын конкурстық өтініміне салған.

Мәліметті нақтылау мақсатында 04 мамыр 2019 жылғы шығыс №8 санды хатымызға сәйкес ИП Боздактов жеке кәсіпкерлігінен жеке кәсіпкер (ЖСН: 761001302963) БЕКТЫБАЕВ ГАНИ ТУРСЫНОВИЧ-пен келісімшартқа отырғанын немесе отырмағанын және автошеберліктің меншік

құқығындағы құжаттардың көшірмесін бергенін немесе бермегенін растауын **сұраған** едік.

Алайда, ИП Боздаков жеке кәсіпкерлігі өз кезегінде 04.05.2019 жылғы шығыс нөмірі 2 санды хатына сәйкес жеке кәсіпкер (ЖСН: 761001302963) БЕКТЫБАЕВ ГАНИ ТУРСЫНОВИЧ-пен келісімшартқа **отырмағанын** және автошеберліктің меншік құқығындағы құжаттардың көшірмесін **бермегенін** растады.

Сәйкесінше, конкурстық өтінімге жеңімпаз тарапынан **анық емес ақпарат** берілгені белгілі болды.

2. Біздің конкурстық бағамыз және шартты жеңілдіктеріміз (условные скидки) конкурс жеңімпазымен тең болды. Жұмыс тәжірибесі бойынша шартты жеңілдіктеріміз де тең болатын. Бірақ біздің конкурстық бағамыз **ерте берілгеніне қарамастан** басқа қатысушыны жеңімпаз деп таныды. Ұйымдастырушы тарапынан жұмыс тәжірибесі бойынша жеңімпаз мекемеге 9 жыл, біздің мекемеге 5 жыл деп көрсеткен. **Бірақ жұмыс тәжірибесі бойынша шартты жеңілдіктеріміз тең, яғни 10 балл**. Жұмыс тәжірибесі бойынша шартты жеңілдіктеріміз тең болса, демек жұмыс тәжірибеміз де тең деген сөз. Сәйкесінше, Мемлекеттік сатып алу веб порталы тарапынан не себепті **уақыт бойынша бірінші түскен** конкурстық өтінімге басымдық **берілмеді**?

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығының (әрі қарай - Қағида) 172 тармағында "Конкурстық баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің нарығында, оның ішінде конкурстың заты болып табылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің ұқсас түрлері бойынша бас мердігер ретінде үлкен жұмыс тәжірибесі бар конкурсқа қатысушы жеңімпаз болып танылады. **Бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі тең болған кезде**, мемлекеттік кірістер органының ақпараттық жүйелерінің мәліметіне сәйкес алдыңғы жылдың алдындағы төрт жылда төленген салықтардың сомасы бойынша үлкен көрсеткішке ие конкурсқа қатысушы жеңімпаз болып танылады. Төленген салықтың сомасы бойынша көрсеткіштер тең болған кезде конкурсқа қатысуға өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің **конкурсқа қатысуға өтінімдерінен бұрынырақ** келіп түскен конкурсқа қатысушы жеңімпаз деп танылады." делінген.

Яғни Қағидада Бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі, салық төлемдері тең болған жағдайда конкурсқа қатысуға өтінімі басқа әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға **өтінімдерінен бұрынырақ** келіп түскен конкурсқа қатысушы жеңімпаз деп танылады делінген.

Қағидада айтылған жұмыс тәжірибесі ұғымында жыл туралы жазылмаған. Қағида бойынша бір жылдағы бірнеше істелінген жұмыс та жұмыс тәжірибесі болып саналады, сәйкесінше шартты жеңілдік беріліп отыр. Біздің жұмыс тәжірибеміздің барлығы Бас мердігер ретінде орындалған. Бұл жағдайлар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып

алу туралы Заңының 4-бабының 2) тармағына қайшы келеді. Себебі, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер берілуі тиіс. Біздің мүмкіншілігімізді **шектеу** деп есептейміз.

3. Сондай-ақ конкурста <u>демпингтік белгі қойылмаған</u>.

Осыған орай, қорытындылар туралы № 3238959-ОК2 хаттаманы жарамсыз деп тануыңызды, жеңімпаздың өтінімін анық емес ақпаратқа сәйкес **кері қайтаруға** немесе конкурсты **қайта жариялауға** ұсыныс беруіңізді, Мемлекеттік сатып алу веб-порталы тарапынан Қағидадағы жұмыс тәжірибесіне байланысты шартты жеңілдікті ескермей, Қағидада жазылмаған жылға басымдылық берілгені жөніндегі ақауды **жөндеуге** ұсыныс берулеріңізді сұраймын.

Қосымша тіркелді:
1) ЖК Авто плюс тарапынан жазылған 04 мамыр 2019 жылғы шығыс №8 санды хат – 1 парақ
2) ИП Боздаков жеке кәсіпкерлігінің 04.05.2019 жылғы шығыс № 2 санды хаты – 1 парақ

ЖК Авто плюс
директоры **Кулбаксеева Р.К.**